

Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімінің 2024 жылғы 11 сәуірдегі № 3 шешімі. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 10 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімінің 31.12.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген) сәйкес, Есіл ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Есіл ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Есіл ауданы әкімінің орынбасары А.М. Мақсұмхан тағайындалсын және табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шаралар жүргізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі

С.Балжанов